

85 -тің күзінде ортада жоқсыз жан - әке



Өмірдің адамзатқа берері мол екені белгілі жағдай. Біздер осындай бір Алланың берген сыйы боп, ардақты әкеміз Орекеннен, аяулы анамыз Гүлжианнан ұрпақтар дүние есігін ашқанбыз. Артына асыл мұрасын, ардақты ұл қыздары мен немере шөберелерін қалдырып, өмірден озып аттанғандарына 3 жылдай уақыт та өте шықты. Бүгінгі күн біздерге аса қиын болары сөзсіз. Ол – 17 қыркүйек, егер өздері ортамызда болғанда папамыз 85-тің төріне көтеріліп, мамамыз 80 -нің сеңгірін аттайтын еді.

Алланың жазуы солай болды.. Дегенмен асқарлы папамыздың 85 жасын, жүріп өткен ғұмырын, айтып өткен әнгімесін, елдің көз алдындағы түр түсі мен келбетін, ортаға салған деректері мен ой-пікірін еске алудамыз. Ғұмыр кешкен 82 жасында қоғамға, ортаға, ағайын-туысқа, жақын жандарға жан сезімін шынайы білдірген жанның бірі еді. Білімділігі мен біліктілігі, парасаты мен адами қасиетінің арқасында көпке «Шежіре қария», «Абыз ақсақал», «Дала академигі» атанды. Ол кісі өзін – өзі ештеңеге ұсынбайтын, керісінше ел жұрт өздері іздеп тауып алып, соңынан да жылы сөздермен мадақтаушы еді.

Қайран өмір-ай... Қадірлі ата-ана сіздердің жылы сөздеріңіз, ыстық алақандарыңыз «балаларым байлығым» дегендеріңіз біздерге қалай жетпей жүргенін сезетін шығарсыздар? Мамам екеуіңіздің жарыса кітап оқып, әдемі әнді бірге салып, сұп-сұлу болып қол ұстасып бірге қыдырып жүрген келбеттеріңіз енді санамызда ғана сайрайды. Жан дүниемізбен сағынып еске

алып, әр күніміз бен сағатымызды Сіздерді жанымызда да, жадымызда да еріп жүргендей сезінеміз. Өмірдің ағымы біздерді ақырындап жылжытып, біріміз есейіп, біріміз жетіліп, біреуі дүние есігін ашып, өмір жылжып өтуде. Биылғы күздің 85 жасын керемет қарсы алу да ойда жүретін еді, тағдыр оған жеткізбей Сіздерді бізден алыстатып ұшырып әкетті. Артыңызда айтулы сөзіңіз, сымбатты келбетіңіз, ардақ тұтар еліңіз, байлыққа теңейтін ұрпағыңыз сағына еске алады қымбаттыларым. Қырдың басында мамам екеуіңіздің сыйласа отырып сырласқандарыңыз, әр баланың амандығын тілеп алаңдайтындарыңыз, әдемі қоңыр дауыспен аяндап жүріп, жаяу басып, сүйікті әндеріңіз «Құсни қорлан»-ды қосылып айтып, бізді рухтандырып жүрсіздер деп елестетеміз.

Сіздердің берген тәлім-тәрбиелеріңіз бізге мәңгілік азық болатынына біз сенімдіміз! Аса құрмет көруші ардақты ата-ана жатқан жерлеріңіз жайлы, имандарыңыз көркем болсын демекпіз.

Еске алушы балалары,
немерелері, шөберелері.